



Бекітілді
"Альфа-Банк" ЕБ АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен
(2021 жылғы 3 шілдедегі № 19 отырыстың хаттамасы)
2021 жылғы 7 шілдеден бастап
қолданысқа енгізілді

**«Альфа-Банк» ЕБ АҚ куәландырушы орталығының
тіркеу куәліктерін пайдалану
СЯЯСАТЫ
(1.0.0 редакция)**

Алматы қ.

2021ж.

МАЗМҰНЫ:

1-тарау. КІРІСПЕ	5
1.1-параграф. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
1.2-параграф. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ АТРИБУТТАРЫ.....	5
1.3-параграф. БАНКТІҢ АШЫҚ КІЛТТЕРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	6
1.4-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫҢ МІНДЕТІ.....	6
1.5-параграф. ҚҰЖАТТЫ БАСҚАРУ	6
1.6-параграф. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
2-тарау. ҚОЙМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ІШІНДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	9
2.1-параграф. ҚОЙМА	9
2.2-параграф. ҚОЙМАДА СЕРТИФИКАТТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ	9
2.3-параграф. ҚОЙМАДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗЕКТІЛЕНДІРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ....	9
2.4-параграф. ҚОЙМАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ БАҚЫЛАУ	9
3-тарау. СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ АУТЕНТИФИКАЦИЯ.....	10
3.1-параграф. ЕСІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	10
3.2-параграф. СӘЙКЕСТІКТІ БАСТАПҚЫ ТЕКСЕРУ	11
4-тарау. СЕРТИФИКАТТАРДЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР	11
4.1-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ШЫҒАРУ ҮШІН ӨТІНІШТЕР	11
4.2-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ШЫҒАРУ ҮШІН ӨТІНІШТЕРДІ ӨНДЕУ.....	11
4.3-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ШЫҒАРУ.....	11
4.4-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ	12
4.5-параграф. КІЛТТІК ЖОСПАРЛАРДЫ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ	12
4.6-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДАҒЫ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМДЕРІН ЖАҢАРТУ	13
4.7-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДАҒЫ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ АУЫСТЫРУ	13
4.8-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗГЕРТУ	14
4.9-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ	14
5-тарау. ФИЗИКАЛЫҚ, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫ БАҚЫЛАУЛАРЫ	15

5.1-параграф. ФИЗИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	15
5.2-параграф. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ	15
5.3-параграф. ПЕРСОНАЛДЫ БАҚЫЛАУ	16
5.4-параграф. БАҚЫЛАУ ҮШІН ХАТТАМАЛАУ РӘСІМДЕРІ	16
5.5-параграф. МҰРАҒАТТЫ ЖҮРГІЗУ	17
5.6-параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРІН АУЫСТЫРУ	17
5.7-параграф. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР НЕМЕСЕ ӘШКЕРЕЛЕУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ЖАСАУЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	17
5.8-параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТУ	18
6-тарау. ҚАУІПСІЗДІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	18
6.1-параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ОРНАТУ	18
6.2-параграф. ЖАБЫҚ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ МОДУЛЬДЕРДІ ИНЖЕНЕРЛІК БАҚЫЛАУЛАР	18
6.3-параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗГЕ АСПЕКТІЛЕРІ	19
6.4-параграф. БЕЛСЕНДІРУ ДЕРЕКТЕРІ	19
6.5-параграф. ЕСЕПТЕУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ	19
6.6-параграф. ДАМУДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУДЫ БАҚЫЛАУ	20
6.7-параграф. ЖЕЛІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ	20
6.8-параграф. УАҚЫТ БЕЛГІЛЕРІ	20
7-тарау. СЕРТИФИКАТТАРДЫҢ, КСТ және OSCP БЕЙІНДЕРІ	21
7.1-параграф. СЕРТИФИКАТТЫҢ БЕЙІНДЕРІ	21
7.2-параграф. КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛЫНҒАН СЕРТИФИКАТТАР ТІЗІМІНІҢ БЕЙІНДЕРІ	21
7.3-параграф. OSCP СЕРВИСІНІҢ БЕЙІНІ	21
8-тарау. ҚЫЗМЕТТІ ТЕКСЕРУ	21
9-тарау. ӨЗГЕ МӘСЕЛЕЛЕР	21
9.1-параграф. ТАРИФТЕР	21
9.2-параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІК	21
9.3-параграф. АҚПАРАТТЫҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ	21
9.4-параграф. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ	21
9.5-параграф. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫ	22
9.6-параграф. КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ РАСТАМАЛАР	22
9.7-параграф. КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТУ	22

9.8-параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ	22
9.9-параграф. ӨТЕМАҚЫЛАР	22
9.10-параграф. КҮШІНЕ ЕНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ	23
9.11-параграф. ЖЕКЕ ХАБАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ БАЙЛАНЫС	23
9.12-параграф. ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР	23
9.13-параграф. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ	23
9.14-параграф. ЮРИСДИКЦИЯ	24
9.15-параграф. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІК	24
9.16-параграф. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР	24

1-тарау. КІРІСПЕ

1.1-параграф. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Альфа-банк» ЕБ АҚ-ң куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін осы Пайдалану саясаты (бұдан әрі – Сертификаттар саясаты) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес «Альфа-Банк» ЕБ АҚ куәландырушы орталығының (бұдан әрі – Куәландырушы орталық/Банк) жұмысын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.
2. Сертификаттар саясаты RFC 3647 «Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate Policy and Certification Practices Framework» (X.509 форматындағы ашық кілттердің интернет инфрақұрылымындағы сертификаттардың саясат және практика құжаттарының құрылымы) халықаралық салалық ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.
3. Сертификаттар саясаты Куәландырушы орталық шығаратын сертификаттар түрлерін анықтайды, Банктің ақпараттық қауіпсіздігінің үлгілік талаптарымен біріктірілген Банктің мүдделі ақпараттық жүйелеріндегі қолданымдылығының негізгі қағидаттары мен жалпы талаптарын анықтайды, және бұл осы сертификаттарды қолданатын Банктің ақпараттық жүйелеріндегі сенімділіктің белгілі бір деңгейіне кепілдік береді.
4. Сертификаттар саясаты Куәландырушы орталықтың қызмет жасауының, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері мен RFC 3647 халықаралық салалық ұсынымдар талаптарына сәйкес Куәландырушы орталық қызметінің жекелеген қағидаларына шығарылған ашық кілттер инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің егжей-тегжейлі тәртібі мен рәсімдерін анықтамайды.
5. Куәландырушы орталықтың сервистерін пайдаланатын Банктің ақпараттық жүйесіне қатысушы сертификат шығаруға арналған өтінішке қол қойған сәттен бастап қатысушы үшін Сертификаттар саясатының және Куәландырушы орталықтың сілтемесі қол қойылған өтініште көрсетілген қағидаларын орындау міндетті бола бастайды.
6. Куәландырушы орталық шығаратын сертификаттар түрлерінің оларды сәйкестендіретін белгілері (бейіндер) көрсетілген толық тізбесі Куәландырушы орталық қызметінің қағидаларының 1.1-параграфында анықталған.

1.2-параграф. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ АТРИБУТТАРЫ

7. Осы құжат ақпараттық қауіпсіздікті¹ қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган шығарған куәландырушы орталықтарды аккредиттеу мәселелері жөніндегі құқықтық акт талап еткендей, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ң куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін пайдалану саясаты» деп аталады.
8. Құжаттың редакциясы 1.0.0.
9. Осы редакциядағы Сертификаттар саясаты Банк Басқармасының 2021 жылғы 3 шілдедегі № 19 хаттамалық шешімімен қолдануға енгізілді.
10. Сертификаттар саясатының қолданыстағы редакциясы Банктің ресми ақпараттық ресурсында Интернет желісінде <https://alfabank.kz/pki> мекенжайы бойынша жарияланады.
11. Сертификаттар саясаты объектілік сәйкестендіргіш беріле отырып, халықаралық объектілік сәйкестендіргіштер ағашында тіркелген.

¹ Сертификаттар саясаты бекітілген күні Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы «Куәландырушы орталықтардың аккредитациясын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 224/НҚ бұйрығы қолданыста болған.

1.3-параграф. БАНКТИҢ АШЫҚ КІЛТТЕРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

12. Куәландырушы орталық – Банктің ашық криптографиялық кілттің жабық криптографиялық кілтке сәйкестігін дәлелдейтін, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын құрылымдық бөлімшесі².
13. Куәландырушы орталықтың тіркеу орталықтары – Банктің сертификаттарды шығаруға немесе кері қайтарып алуға құжаттарды қабылдау, өтініш берушілерді сәйкестендіру және өтініш берушілерге дайын сертификаттарға қолжетімділікті ұсыну үшін жауапты бөлімшелері және/немесе уәкілетті бөлінген жұмыскерлері.
14. Куәландырушы орталықтың қол қоюшылары – Куәландырушы орталықтың сертификаттарды арнап шығарып берген субъектілері (өз уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалар).
15. Сенім білдіруші тараптар (немесе сертификаттарды пайдаланушылар) – Куәландырушы орталықтың жазылушылары немесе Куәландырушы орталық шығарған сертификаттарға және/немесе түпнұсқалығы осы сертификаттардың көмегімен тексерілетін электрондық цифрлық қолтаңбалары бар электрондық құжаттарға сүйене отырып, әрекет ететін кез келген басқа субъектілер.

1.4-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫҢ МІНДЕТІ

16. Куәландырушы орталық Банкке тиесілі ақпараттық жүйелердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сертификаттарды шығарады, және басқа тұлғаларға тиесілі ақпараттық жүйелер үшін – шығармайды.
17. Куәландырушы орталық міндеттері әртүрлі сертификаттарды шығарады.
18. Сертификаттың міндеті ашық кілті сертификатпен расталған криптографиялық кілттер жұбын пайдалану мақсатымен анықталады.
19. Криптографиялық кілттер жұбын пайдаланудың бекітілген мақсаты Куәландырушы орталықтың қатысушы үшін “keyUsage” кеңеймесінде шығаратын әр сертификатта белгілеп алынады.
20. Одан басқа, Куәландырушы орталық шығаратын сертификаттарды рұқсат етілетін қолдану аясы сертификаттың “certificatePolicies” кеңеймесінде белгілеп алынатын саясаттың объектілік сәйкестендіргіштерінің көмегімен бөлінуі мүмкін.
21. Саясатты объектілік сәйкестендіргіштерінің болуы сертификаттарды пайдаланатын ақпараттық жүйелерге лайықты емес сертификаттарды пайдалануды шектей отырып қажетті және тыйым салынған саясаттардың жиынтығы жүйесімен бақылау нысанында қосымша қорғау мүмкіндігін береді.
22. Куәландырушы орталық шығарған сертификаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына, Сертификаттар саясатына, Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларына және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келетін тәсілдермен пайдалануға жол берілмейді.
23. Куәландырушы орталықтың жазылушыларының сертификаттары сенім білдіруші тараптардың бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істеу үшін қолданылады және Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің технологиялық сертификаттары ретінде пайдаланылмайды. Өз кезегінде, Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің технологиялық сертификаттары өз тікелей функционалдық міндетінен басқа ешқандай мақсатта қолданылмайды.

1.5-параграф. ҚҰЖАТТЫ БАСҚАРУ

24. Сертификаттар саясатын А15G5M8, Алматы қ., Айманов көш., 140-үй, Б2-блок мекенжайы бойынша орналасқан Куәландырушы орталық өзектілендіреді.

² Сертификаттар саясаты бекітілген күні аталған міндетті Банк Басқармасы Төраға блогының Ақпараттық қауіпсіздік департаментінің куәландырушы орталығы басқармасы шешеді.

25. Құжатты өзектілендіру мәселелері жөнінде байланысатын тұлға – Куәландырушы орталықтың бас талдаушысы, A15G5M8, Алматы қ., Айманов көш., 140-үй, Б2-блок, +7 (727) 259-05-01 (ішкі 4758), amakhnin@alfabank.kz.
26. Сертификаттар саясатына өзгертулер мен толықтыруларды Куәландырушы орталық не жаңа редакция түрінде, не Сертификаттар саясатының ағымдағы редакциясына өзгертулер мен толықтырулар тізбесі түрінде дайындайды.
27. Бекітілгенге дейін Сертификаттар саясатына өзгертулер мен толықтырулар бекітілмес бұрын ішкі рәсімдерге³ сәйкес Банктің мүдделі бөлімшелерімен және лауазымды тұлғаларымен келісіледі.
28. Сертификаттар саясатына өзгертулер мен толықтырулар Банк Басқармасы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.
29. Сертификаттар саясатына барлық өзгертулер мен толықтырулар Банктің ресми ақпараттық ресурсында Интернет желісінже жарияланады.
30. Сертификаттар саясатының жаңа редакциясын жариялау Куәландырушы орталықтың барлық жазылушылар мен сенім білдіруші тараптарына оның күшіне енгені туралы ресми хабарлау болып табылады.
31. Сертификаттар саясатының жаңа редакциясы жарияланған күннен бастап, егер оның құрамындағы ауыспалы ережелерде өзгеше көзделмеген болса, жаңа редакцияны Банкпен шарттар бойынша міндеттемелер арқылы байланысты, қолданыстағы шарттың жасалған күніне қарамастан Сертификаттар саясатына сүйенетін барлық заңды және жеке тұлғалар қолдануға міндетті болып қалады.

1.6-параграф. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

32. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) мәселелері жөніндегі заңнамасының терминдеріне, анықтамаларына және қысқартуларына қосымша, Сертификаттар саясатында келесі түсініктер қолданылады:
 - 1) аутентификация – тұлғаның (заттың) өзін атаса, сол тұлға (зат) болып табылатынын тексеруге арналған үдерісті іске асыратын осы үдеріс немесе қауіпсіздік сервисі;
 - 2) Банк – «Альфа-Банк» АБ АҚ;
 - 3) белсендіру деректері – криптографиялық операцияларды орындау үшін қажетті және қорғауды талап ететін, криптографиялық кілттерді қоспағанда, кез келген деректер: дербес сәйкестендіру нөмірлері (PIN), құпиясөз фразалары, бөлінген криптографиялық кілттің компоненттері және т.б.;
 - 4) халықаралық объектілік сәйкестендіргіштер ағашы – әрбір келемі түйініне бүтін санды нөмір берілген және оның өзінен шығатын тармақтарды әрі қарай бөліп шығару және тіркеу үшін жауапты ерекше пішінді үш иерархиялық ағаштың (3 әртүрлі тамырдан шыққан) көмегімен атауларды тіркеуге арналған, кез келген нақты немесе абстрактті объектілерді тиянақты, жан-жақты қамтитын атаулармен атаудың стандартталған ITU-T және ISO/IEC механизмі (X.660);
 - 5) жабық криптографиялық кілт – ашық кілті бар криптожүйелерде, кілттік жұптағы тек қана жазылушыға белгілі кілт;
 - 6) сәйкестендіру – Сертификаттар саясаты мәнмәтінінде жеке немесе заңды тұлғаның сәйкестігін тексеруге арналған үдеріс (немесе осындай үдерістің нәтижесі) бұл тұлғаның нақты, толықтай анықталған тұлға болып табылатынын көрсетеді және екі кезеңнен құралады:

тұлғаның ұсынған есімінің тұлғаның нақты қолданып жүрген есіміне сай екенін анықтау және

³ Сертификаттар саясаты бекітілген күні Банк Басқармасының 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № 65 хаттамалық шешімімен бекітілген «Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, өзгерту және/немесе толықтыру және қолданылуын тоқтату кезіндегі бөлімшелердің өзара әрекеттесуі жөніндегі нұсқаулық» қолданыста болды.

- белгілі бір есімнің атынан белгілі бір нәрсеге қол жеткізуге рұқсат алу үшін жүгініп жатқан тұлғаның шын мәнінде өзін атап жатқан тұлға (аутентификация) болып табылатынын анықтау;
- 7) ашық кілттер инфрақұрылымы – барлығы бірлесіп ашық кілті бар криптожүйелердің негізінде криптографиялық міндеттерді (аутентификация, шифрлау, тұтастық пен дәлелділігін бақылау) шешу үшін қолданылатын, көрсетілген міндеттерді шешу кезінде қолданылатын ашық кілттерді басқаруды өз бетінше қамтамасыз ете алатын құралдардың (техникалық, материалдық, адами және т.б.), үлестірілген қызметтер мен компоненттердің жиынтығы;
 - 8) криптографиялық кілттердің компрометациясы – криптографиялық кілт иесінің нақты криптографиялық кілттің оның көмегімен қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ететініне сенімінен айрылуы;
 - 9) кілттік ақпаратты тасымалдаушы – криптографиялық кілттерді электрондық түрде сақтай алатын электрондық құрылғы (мамандандырылған аппараттық токен, жады картасы, қатты диск және т.б.);
 - 10) объектілік сәйкестендіргіш – халықаралық объектілік сәйкестендірігіштер ағашының түйінін ағаш тамырынан бастап осы түйінге дейін ретке келтірілген бүтін сандық мәндер тізімі түрінде бірмағыналы атайтын сәйкестендіргіш;
 - 11) ашық криптографиялық кілт – ашық кілті бар криптожүйелерде кілттің жұптағы көпшілік білетін кілт;
 - 12) тіркеу куәліктерін қолдану саясаты (сондай-ақ Сертификаттар саясаты деп те аталады) – сертификаттың ақпараттық қауіпсіздік ортақ талаптары қойылатын белгілі бір қосымшалар бірлігінде (класында) қолдануға болатынын анықтайтын атау қойылған қағидалар житынтығы;
 - 13) куәландырушы орталықтың қызмет жасау қағидалары – куәландырушы орталықтың Сертификаттар саясаты, оған қоса куәландырушы орталықтың негізгі бизнес-үдерістерінің ағымын іске асыратын негізгі қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайтын нормативтік құжат;
 - 14) сертификат – Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілті қалыптастырған цифрлық қолтаңбаның көмегімен түпнұсқалығы мен өзара байланысы дәлелденген қосымша ақпараты бар ашық криптографиялық кілт⁴;
 - 15) кері қайтарып алынған сертификаттар тізімі (КСТ) – Куәландырушы орталық қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз деп жариялаған сертификаттардың жиынтығын көрсететін тізім;
 - 16) токен – Сертификаттар саясатының мәнмәтінінде есептеуіш ресурстардың авторландырылған пайдаланушысына оны аутентификациялау рәсімдерін қысқарту мақсатымен берілетін физикалық құрылғы;
 - 17) ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылар – жазылушылардың, сенім білдіруші тараптардың, тіркеу орталықтарының немесе куәландырушы орталықтың рөлдерін ашық кілттердің бір инфрақұрылымында орындайтын жеке немесе заңды тұлғалар;
 - 18) сертификаттар тізбегі – ішіндегі ЭЦҚ-сы стандартталған алгоритмнің көмегімен тексерілуі мүмкін сертификаттан басталатын сертификаттардың ретке келтірілген жүйелілігі. Бұл жүйелілікті стандартталған алгоритмнің көмегімен нәтижелі өңдеу ашық кілттің жүйеліліктің қорытынды сертификатында “subject” жолында көрсетілген тұлғаға қатыстылығын растаға мүмкіндік береді.

⁴ Сертификаттар түрлерінің бірі «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Куәландырушы орталық шығаратын тіркеу куәліктері болып табылады.

2-тарау. ҚОЙМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ІШІНДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

2.1-параграф. ҚОЙМА

33. Куәландырушы орталықтың қызметі Куәландырушы орталық шығарған сертификаттар тізілімінің өзекті деректерін, және олардың мәртебесі туралы ақпаратты жедел қол жеткізуге болатын күйде үздіксіз орналастыруды талап етеді.
34. Осыған байланысты Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі Банктің қызмет көрсетілетін ақпараттық жүйелері қажетті ақпарат анықтамалығы ретінде тікелей, ал жазылушылар мен сенім білдіруші тараптар – жанамалап, Банктің қолданылатын ақпараттық жүйелері арқылы пайдаланатын қойма болып табылады.
35. Одан басқа, Куәландырушы орталық Банктің Интернет желісіндегі ресми ақпараттық жүйесінде сондай-ақ өзінің түпкі сертификаттары мен кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдерін, сондай-ақ нормативтік құжаттардың және өз сервистері туралы басқа да деректерінің (оған қоса Сертификаттар саясатын және Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларын) қажетті минимумын жариялайтын бөлімді жүргізеді.

2.2-параграф. ҚОЙМАДА СЕРТИФИКАТТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

36. Куәландырушы орталықтың қоймасымен ақпараттық өзара әрекеттесудің негізгі хаттамасы RFC 2251 (Lightweight Directory Access Protocol v.3, 3-нұсқа) ұсынымдарымен анықталған нұсқадағы каталогтар қызметтеріне қол жеткізудің жеңілдетілген хаттамасы болып табылады.
37. Осы хаттама бойынша жазылушылар мен сенім білдіруші тараптар Куәландырушы орталық қызмет көрсететін Банктің ақпараттық жүйелері арқылы нақты сертификаттардың болуы, олардың мазмұны және мәртебесі туралы сұратымдармен онлайн режимде жүгінеді.
38. Осы талаптардан кез келген ерекшеліктер, олар пайда болған жағдайда, Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларына енгізілуге және жазылушылар мен сенім білдіруші тараптар еркін қол жеткізе алатын жерде жариялануға тиіс.

2.3-параграф. ҚОЙМАДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗЕКТІЛЕНДІРУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ

39. Куәландырушы орталық өзінің шығарған әрбір жаңа сертификатын қоймада жариялайды.
40. Сертификат кері қайтарып алған жағдайда Куәландырушы орталық оны қоймадан автоматты түрде жоймайды. Ол сертификаттың тиісті жолында жазылған қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін жойылады.
41. Кез келген сертификатты кері қайтарып алған жағдайда Куәландырушы орталық кері қайтарып алынған сертификаттардың жаңартылған тізімін құрады және қоймада жариялайды.
42. Кері қайтарып алынған сертификаттар кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдерінен сертификаттың қолдану мерзімі аяқталған кезде жойылады.
43. Кері қайтарып алу оқиғалары болмаған немесе кері қайтарып алынған сертификаттардың қолдану мерзімі өтіп кеткен жағдайда кері қайтарып алынған сертификаттардың жаңа тізімдері тұрақты түрде құрылады және шығарылады.

2.4-параграф. ҚОЙМАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ БАҚЫЛАУ

44. Қоймадағы деректерді оқу үшін рұқсатты Куәландырушы орталық Банктің барлық қызмет көрсетілетін ақпараттық жүйелеріне ешқандай тұрақты сипаттағы шектеулерсіз береді.
45. Деректерді қоймаға(дан) қосуға, өзгертуге (алып тастауға) рұқсатты Куәландырушы орталық уәкілетті тұлғалардың шектеулі тобына береді.
46. Кибершабуылдар, сервистерді ұсынудағы басқа да уақытша іркілістердің болу қауіптері немесе олардың орын алып жатқанына негізді күдіктер пайда болған жағдайда Куәландырушы орталық қарсы іс-қимыл жасаудың белсенді шаралары ретінде қоймадан

деректерді оқу үшін қолжетімділікті уақытша шектеу шарасын қолдану құқығын өзіне қалдырады.

47. Қоймаға қол жеткізуді шектеу және бақылау шаралары Банктің Ақпараттық қауіпсіздік саясатына⁵ сәйкес қолданылады.

3-тарау. СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ АУТЕНТИФИКАЦИЯ

3.1-параграф. ЕСІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

48. Куәландырушы орталық жазылушыларды бірмағыналы сәйкестендіруді қамтамасыз етуге арналған субъектілерге есім беру ережелерін барлық шығарылатын сертификаттарда пайдаланады.
49. Сәйкестендірудің бірмағыналылығына бірыңғай республикалық тізілімнен сәйкестендіру нөмірлерін (ЖСН және БСН) барынша мүмкін болатын дәрежеде пайдаланудың есебінен қол жеткізіледі.
50. Жеке тұлғаның ЖСН болмаған жағдайда оның орнына төлқұжаттың, ал төлқұжат болмаған жағдайда – төлқұжаттың орнын алмастыратын құжаттың нөмірі және басқа деректемелері қолданылады.
51. Заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда оның орнына ҚҚС (VAT) төлеушіні тіркеу туралы құжаттың нөмірі мен деректемелері қолданылады.
52. Көрнекі болу үшін атаулардың құрамына сәйкестендіру нөмірлерінен басқа тегін, атын, әкесінің атын, сауда маркасын, ақпараттық жүйенің атауы, ұйымдық-құқықтық нысан аббревиатурасын, ұйымның атауын және басқа да көпшілік қолданалатын және адамның қабылдауына түсінікті болатын атаулар мен есімдерді қосуға жол беріледі.
53. Жазылушылардың анонимді болуына жол берілмейді.
54. Жазылушылардың көпшілік білетін есімдердің орнына лақап аттарды пайдалануына жол берілмейді.
55. Сертификаттарды шығаруға өтініш берушілер өз өтініштерінде олардың заңды құқықтық иеленушілерінің құқықтарын бұзатын есімдерді пайдаланбау керек. Куәландырушы орталық өтініш берушінің өтініште көрсеткен есімнің ие болып табылатынын тексеру үшін жауапкершілік көтермейді және домендік, саудалық және сол сияқты есімдер мен маркаларға меншікпен байланысты даулар мен тергеулерге кіріспейді.
56. Куәландырушы орталық, егер оған осы сияқты дау немесе тергеу фактісі туралы белгілі болып қалса, сертификат шығаруға кез келген өтінішті қабыл алмау немесе оны қарауды тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.
57. Куәландырушы орталық шығаратын барлық сертификаттардағы “Issuer” жолының мазмұны Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларының 3.1-параграфына сәйкес анықталады.
58. Куәландырушы орталықтың түпкі сертификаттарының “Subject” жолында жазылған деректер “Issuer” жолында жазылған деректермен дәлме-дәл болып табылады.
59. Куәландырушы орталықтың барлық жазылушыларының сертификаттарындағы “Subject” жолының мазмұнының құрылымы Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларының 3.1-параграфына сәйкес анықталады.
60. Бірмағыналы сәйкестендіру заңмен талап етілетіндіктен барлық жазылушылардың есімдері бірегей болып табылады. Сонымен бірге “Subject” жолында атауы бірдей екі және одан артық сертификаттардың шығарылуына және қолданылуына тиісті жабық криптографиялық кілттерді бір жеке тұлға иеленген және пайдаланған жағдайда рұқсат етіледі.

⁵ Ақпараттық қауіпсіздік саясатының мәтінімен Интернет желісіндегі Банктің ресми ресурсында https://alfabank.kz/uploads/up_docs/about_docs/10/ru/gNP54exu53BtRVTKYZ4KnajfYg3EMqSg.pdf мекенжайы бойынша кез келген уақытта танысуға болады.

3.2-параграф. СӘЙКЕСТІКТІ БАСТАПҚЫ ТЕКСЕРУ

61. Сәйкестікті бастапқы тексеру – бұл сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімдерінің халықаралық салалық ұсынымдарға сәйкес бірінші сертификатты шығару кезінде жазылушыға қатысты жүргізілетін ең толық формасы.
62. Сонымен бірге жазылушыны сәйкестендіруді талап ететін кез келген басқа рәсімді (кез келген сертификатты шығару немесе кері қайтарып алу) Куәландырушы орталық сәйкестікті бастапқы тексерудің толық нысаны бойынша жүргізеді.

4-тарау. СЕРТИФИКАТТАРДЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

4.1-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ШЫҒАРУ ҮШІН ӨТІНІШТЕР

63. Тіркеу орталықтары сертификатты шығару үшін өтініштерді:
 - 1) заңды тұлғалардың уәкілетті өкілдерінен;
 - 2) өз бетінше әрекет ететін жеке тұлғалардан қабылдайды
64. Сертификат шығаруға өтініштер тіркеу орталықтарына беріледі.
65. Сертификат шығаруға өтініште Сертификаттар саясатына және Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларына сілтемелер көрсетіледі.
66. Сертификат шығаруға өтініш жазылушының міндеттемелерін жазылушының қабылдағанын және сенім білдіруші тараптың Сертификаттар саясаты мен Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларының талаптарын орындайтынын және қағидастарын сақтайтынын білдіретін жазбаша (электрондық) құжат болып табылады.
67. Куәландырушы орталыққа қажетті жазылушы мен сенім білдіруші тараптың міндеттемелері 9.6-параграфта (жазылушы мен сенім білдіруші тараптың өтініштері мен растамалары) келтірілген.

4.2-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ШЫҒАРУ ҮШІН ӨТІНІШТЕРДІ ӨНДЕУ

68. Сертификат шығаруға өтініш оны беруші мен Банктің арасында банктік қызметтерді ұсыну туралы жасалған шарт болған жағдайда ғана тіркеледі.
69. Тіркеу орталығы тіркелген өтінішті қабылдаудан мына жағдайларда бас тартады:
 - 1) өтініш беруші өтінішінде Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларына сәйкес қажетті барлық ақпаратты көрсетпеген;
 - 2) өтініш берушінің Куәландырушы орталықтың сервистерімен үйлесетін электрондық цифрлық қолтаңбасы жоқ және оны пайдалануға мүмкіндігі жоқ;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өзге жағдайлар.
70. Өтінішті тіркеген соң өтініш берушіні сәйкестендіру және аутентификациялау жүргізіледі.
71. Сертификаттарды шығаруға өтініштерді қарау және өңдеу мерзімі Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларының 4.2-параграфында анықталған.
72. Егер өтініш беруші белгіленген мерзімнің ішінде сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімдерінен сәтті өтпесе, яғни сертификатты шығару үшін өтініште көрсетілген ақпараттың дұрыстығының құжаттық дәлелдерін ұсынбаса, онда сертификат шығару үшін мұндай өтініші тіркеу орталығы қабыл алмайды.

4.3-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ШЫҒАРУ

73. Куәландырушы орталық кез келген сертификатты оны шығару үшін жеке өтініш тіркеу орталығында нақты тіркелген кезде ғана жасап шығарады.
74. Сертификат шығаруға өтінішті тіркеу орталығы өтініш беруші 4.2-параграфқа сәйкес сәйкестендіру және аутентификациялау рәсімінен сәтті өткеннен кейін ғана қанағаттандырады.
75. Куәландырушы орталықтың жазылушысына кез келген сертификатын шығару келесі кезеңдерден құралады:

- 1) жазылушының жеке басын сәйкестендіру, сондай-ақ қажет болса, оның 4.2-параграфқа сәйкес заңды тұлғаның мүдделерін білдіруге өкілеттіктерін тексеру;
 - 2) тіркеу орталығында жазылушының кілттік жұбының қорғалған генерациясы;
 - 3) жазылушының ашық криптографиялық кілтін тіркеу орталығынан Куәландырушы орталыққа қорғалған жеткізу;
 - 4) Куәландырушы орталықтың тіркеуден Куәландырушы орталық өткізуге тиіс тиісті ашық криптографиялық кілтке сай келетін жабық криптографиялық кілтке жазылушының ие болу фактісін тексеруі.
76. Сертификатты шығару кезінде Куәландырушы орталық сәйкестендіру және аутентификация рәсімдерінің барысында тіркеу орталығы сәтті тексерген өтініштегі ақпаратқа негізделеді.
77. Куәландырушы орталық шығарған кез келген сертификат барлық мүдделі сенім білдіруші тараптардың оқуы үшін автоматты түрде қоймада жарияланады.
78. Сертификатты жасалу фактісі және оны алу тәсілдері туралы өтініш берушіге сертификат шығаруға өтінішті қабылдаған тіркеу орталығы арқылы хабарланады. Тіркеу орталығы бір уақытта өтініш берушіге жазылушының шығарылған сертификатқа қол жеткізуі үшін қажетті мәліметтерді бір уақытта ұсынады.
79. Өтініш берушінің сертификат алу тәсілдері тіркеу орталығында қолма қол алу немесе онымен жұмыс істеу үшін өтініш беруші осы сертификатты шығарыда сұраған Банктің ақпараттық жүйесі арқылы жүктеп алу болып табылады.

4.4-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

80. Сертификатты алғаннан кейін барлық жазылушыларға сертификат шығарылған күннен бастап 14 күнтізбелік күннің ішінде Куәландырушы орталыққа осы сертификатты иелену ниетінен бас тартатыны, оның мазмұнымен келіспейтіні туралы мәлімдеуге құқық беріледі. Бұл ретте тиісті жабық криптографиялық кілтті сертификат шығарылған сәттен бастап бас тартатыны туралы мәлімдегенге дейін жазылушы пайдаланбаған болуға тиіс.
81. Егер жазылушы аталған құқықты пайдаланбаса, онда сертификатқа жазылушы автоматты түрде қол қойған болып саналады.
82. Егер жазылушы өзінің сертификатқа ие болу ниетінен бас тартатыны немесе сертификаттың мазмұнымен келіспейтіні туралы мәлімдемей жатып, Куәландырушы орталық ұсынатын 14-күндік мерзімнің ішінде тиісті жабық криптографиялық кілтті пайдалануды бастаса, онда сертификатты жазылушы автоматты түрде жабық кілтті алғаш рет пайдаланған сәттен бастап қабылдаған болып саналады.

4.5-параграф. КІЛТТІК ЖОСПАРЛАРДЫ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

83. Жабық криптографиялық кілтті жазылушы Банкпен жасасқан шарт бойынша жазылушының міндеттерін орындауға жазбаша міндеттеме бергеннен, Куәландырушы орталық тиісті жабық кілт сертификатын шығарғаннан, және жазылушы осы сертификатты қабылдағаннан кейін пайдаланады.
84. Жабық криптографиялық кілтті жазылушы тек қана заңнамаға, шарттық міндеттемелерге, Сертификаттар саясатына және Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларына сәйкес пайдаланады.
85. Жабық криптографиялық кілтті пайдалану тиісті сертификаттағы “keyUsage” кеңеймесінің мазмұнына сай болу керек.
86. Жазылушылар өз жабық криптографиялық кілттерін рұқсатсыз пайдаланудан қорғайды және қолдану мерзімі аяқталған немесе тиісті сертификат кері қайтарып алынған соң оларды пайдалануды тоқтатады.
87. Куәландырушы орталық Сертификаттар саясатының және Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларының сенім білдіруші тараптың міндеттеріне қатысты бөлігіндегі талаптарын орындауға жазбаша міндеттеме, электрондық құжат немесе Банктің

ақпараттық жүйесінде белгілеген келісім түрінде міндеттенбеген, сертификаттарды пайдаланатын тұлғалардың алдында жауап бермейді.

88. Куәландырушы орталық шығарған сертификатқа сеніміне негізделе отырып, кез келген актіні қабылдас бұрын сенім білдіруші тарап әрбір тиісті электрондық құжатты, атап айтқанда, ондағы әрбір ЭЦҚ-ны, сондай-ақ онымен байланысты сертификаттарды, уақыт белгілерін, OCSP түбіртектерін (қызметтің жауаптарын) немесе кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдерін тексереді.
89. ЭЦҚ тексеру жүргізу үшін сенім білдіруші тарап:
 - 1) ЭЦҚ қалыптастырған субъектіні анықтауға мүмкіндік беретін сертификаттар тізбегін табады және тексереді. Сертификаттар тізбегін тексеру барысында RFC 3280 “Internet X.509 Public Key Infrastructure Certificate and Certificate Revocation List (CRL) Profile” (сертификаттың және X.509 форматындағы ашық кілттер интернет инфрақұрылымының кері қайтарып алынған сертификаттар тізімінің бейіні) ұсынымдарында келтірілген алгоритм қолданылады;
 - 2) тізбектің әр сертификатын тексеру кезінде “keyUsage” және “extendedKeyUsage” кеңеймелерінің мазмұнының пайдалану мақсатына сәйкестігін қосымша бақылайды;
 - 3) қол қойған тұлғаның электрондық құжатқа қол қоюы үшін жеткілікті өкілеттіктерінің болуын өз бетінше тексереді. Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесі жазылушының өкілеттіктерін бақылау сервистерін ұсынбайды. жоқ.
90. Егер тексерудің кез келген кезеңі теріс нәтиже берсе немесе оны орындау мүмкін болмаса, онда сенім білдіруші тарап ЭЦҚ-ны жарамсыз деп болжайды және электрондық құжатты қабылдамайды.
91. Егер электрондық құжатта Куәландырушы орталық қалыптастырған уақыт белгісі бар болса, онда уақыт белгісіне сенуді талап ететін іс-әрекетті орындау үшін сенім білдіруші тарап сондай-ақ уақыт белгісін электрондық құжаттағы ЭЦҚ тексеру кезінде қолданылатын тәсілмен тексереді.
92. Егер тізбектің кез келген сертификатының ЭЦҚ тексеру кезінде «кері қайтарып алынған» мәртебесі болса, онда жазылушының тізбек сертификаттарының бірін кері қайтарып алуға дейін қалыптастырған электрондық құжатына сену қажет не қажет еместігін тек қана сенім білдіруші тарап тәуекелді өзіне ала отырып шешеді. Мұндай жағдайларда Куәландырушы орталық сенім білдіруші тараптардың алдында жауапкершілік көтермейді, себебі сертификатты кері қайтарып алу үшін өтініш беру нақты жазылушының міндеті болып табылады.
93. Егер мән-жайлар электрондық құжаттың авторлары тарапынан қосымша кепілдіктердің берілуі қажеттігін көрсетіп отырса, онда сенім білдіруші тарап мұндай қосымша кепілдіктерді жазылушылардан өз бетінше, сертификатқа сенуді талап ететін іс-қимылдарды орындағанға дейін және Куәландырушы орталыққа жүгінбей алады.

4.6-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДАҒЫ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМДЕРІН ЖАҢАРТУ

94. Сертификаттардағы қолдану мерзімдерін жаңарту бойынша қызметтерді Куәландырушы орталық көрсетпейді.
95. Банктің ақпараттық жүйесінің криптографиялық кілттердің болуын талап ететін сервистерін әрі қарай пайдалану қажет болған жағдайда жазылушы тіркеу орталығына жүгінеді және сертификаттарды (жаңа) шығаруға өтінішті 4.1, 4.2 және және 4.3 параграфтарында анықталған тәртіппен рәсімдейді.

4.7-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДАҒЫ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ АУЫСТЫРУ

96. Сертификаттардағы кілттерді ауыстыру бойынша қызметтерді Куәландырушы орталық көрсетпейді.

97. Криптографиялық кілттерді ауыстыру үшін жазылушы тіркеу орталығына жүгінеді және сертификаттарды (жаңа) шығаруға өтінішті Сертификаттар саясатының 4.1, 4.2 және 4.3 параграфтарында анықталған тәртіппен рәсімдейді.

4.8-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗГЕРТУ

98. Сертификаттардағы деректерді өзгерту бойынша қызметтерді Куәландырушы орталық көрсетпейді.
99. Сертификаттардағы деректерді өзгерту үшін жазылушы тіркеу орталығына жүгінеді және 4.1, 4.2 және 4.3 параграфтарында белгіленген тәртіппен сертификаттарды (жаңа) шығару үшін өтініш рәсімдейді.

4.9-параграф. СЕРТИФИКАТТАРДЫ КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ

100. Куәландырушы орталық шығарған сертификаттарды Куәландырушы орталық кері қайтарып алады.
101. Сертификатты кері қайтарып алуға негіз болып жазылушы немесе тіркеу орталығы рәсімдеген және кері қайтарып алу себебі көрсетілген жазбаша өтініш табылады.
102. Кері қайтарып алудың ықтимал себептері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған және Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларының 4.9-бөлімінде аталған. Өзгеріс болған жағдайда заңнама талаптары қолданылады. Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидалары белгіленген тәртіппен заңнамаға сай келтіруге жатады.
103. Сертификатты кері қайтарып алуға өтініштер жоғарыда көрсетілген негіздер анықталған жағдайда кідіріссіз беріледі.
104. Сертификатты кері қайтарып алар алдында тіркеу орталығы және/немесе Куәландырушы орталық бастамашының кері қайтарып алуды сұрату өкілеттіктерін, оған қоса өтініш берушінің сәйкестендірілуін тексереді. Бұл ретте 3.2-параграфта көрсетілген сәйкестендіру механизмі қолданылады.
105. Сенім білдіруші тараптар олардың өз іс-әрекеттерінде сүйенетін барлық сертификаттарының мәртебесін тексеруге міндеттенеді.
106. Егер сенім білдіруші тарап сертификаттардың мәртебесін тексеру үшін OCSP хаттамалар қызметіне онлайн жүгінуді пайдаланбаса, онда ол мұндай жағдайда Куәландырушы орталықтың қоймасында жарияланған кері қайтарып алынған сертификаттардың өзекті тізімін пайдаланады.
107. Кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдері олардың құрамында Куәландырушы орталықтың, тіркеу орталықтарының, тіркеу орталықтарының және жазылушылардың ашық кілттер инфрақұрылымына барлық қатысушылардың кері қайтарып алынатын сертификаттарының бар болуы жағынан ортақ болып табылады.
108. Кері қайтарып алынған сертификаттар тізімін және Куәландырушы орталықтың OCSP қызметін Интернет желісінде, Куәландырушы орталыққа қызмет көрсету деңгейі туралы келісімнің шарттарына сәйкес жоспарлы алдын алу жұмыстары жүргізілетін уақытты қоспағанда, тәулік бойы және үздіксіз пайдалануға болады.
109. Мерзімі өтіп кеткен сертификаттарды кері қайтарып алынған сертификаттардың тізімінен алып тастау Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің тиісті теңшелімінде белгілеген кесте бойынша тәулік сайын жүзеге асырылады.
110. Кері қайтарып алынған сертификаттардың жаңа тізімі мерзімі өтіп кеткен сертификат тізімінен алып тасталған кезде, немесе ашық кілттер инфрақұрылымына кез келген қатысушының сертификаты кері қайтарып алған кезде, болмаса егер бір аптаның ішінде жоғарыда келтірілген оқиғалардың ешқайсысы орын алмаса, Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің белгілі бір тиісінше теңшелімі белгілеген кесте бойынша бір аптадан соң қалыптастырылады және жарияланады.
111. Кері қайтарып алынған сертификаттардың қайта құрылған тізімі автоматты түрде Куәландырушы орталықтың қоймасында кідіріссіз, құрыла салысымен, онлайн режимінде жарияланады.

112. Жабық криптографиялық кілттерге қол жеткізуге мүмкіндігі бар жұмыскер жұмыстан босатылған, немесе басқа жұмыс учаскесіне ауыстырылған жағдайда ауыстырылған күннен кешіктірмей ауыстырылып жатқан жұмыскердің жабық кілттеріне сай келетін сертификаттарды кері қайтарып алуға өтініш рәсімделеді.
113. Сертификаттардың қолданылуын уақытша тоқтата тұру немесе қайта бастау қызметтерін Куәландырушы орталық ұсынбайды.
114. Куәландырушы орталықтың жазылушысы Куәландыру орталығында қызмет алуды мына жағдайларда тоқтатуға мүмкіндігі бар:
 - 1) Қызмет көрсетуді көздейтін қолданыстағы шартты бұзу арқылы;
 - 2) Барлық қолданыстағы сертификаттарды олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кері қайтарып алу арқылы;
115. Жазылушының барлық сертификаттарының қолдану мерзімдерін аяқталған жағдайда Куәландырушы орталықта жазылушыға қызмет көрсету автоматты түрде тоқтатылады.
116. Жазылушының жабық кілтін депозиттеу бойынша қызметтерді Куәландырушы орталық ұсынбайды.
117. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерін әшкерелеген жағдайда Куәландырушы орталық бұл туралы Банктің барлық ақпараттық жүйелерінің Куәландырушы орталықтың сервистерін пайдаланатын иеленушілерге хабарлайды.

5-тарау. ФИЗИКАЛЫҚ, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫ БАҚЫЛАУЛАРЫ

5.1-параграф. ФИЗИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

118. Куәландырушы орталықтар мен тіркеу орталықтарының қызметі физикалық қорғалған объектілерде, құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізудің, пайдаланудың немесе ашудың кез келген әрекеттері қиындатылған және белгіленіп алынатын жағдайларда жүргізіледі.
119. Куәландырушы орталықтың физикалық бақылауының егжей-тегжейлі шаралары Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген және Сертификаттар саясатында ашылмаған. Осы тарауда осы шараларға жалпы шолу келтірілген.
120. Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесі төтенше жағдай пайда болған кезде резервтеу және қызметті қалпына келтіру мақсатында әртүрлі объектілерде орналасқан екі дата-орталықтармен (негізгі және резервтік) қамтамасыз етілген.
121. Куәландырушы орталықтың жабдықтарын негізгі және резервтік дата-орталықтарда орналастыру жағдайлары Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық құралдар мен ақпараттық қауіпсіздіктің тоқтаусыз қызмет жасау жүйелеріне⁶ қойылатын талаптарды ескере отырып, таңдап алынған.
122. Банкте өткізу және объектішілік режим шараларын іске асыратын бөлімшелер 8-бөлімше сәйкес ішкі аудит қызметімен бақыланады.

5.2-параграф. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

123. Банктің мүдделі ақпараттық жүйелері тарапынан КО қызмет көрсету деңгейіне қойылатын талаптар төмендегідей:
 - 1) сервистердің қолжетімділігі – 24/7/365 режимінде 99,5%, яғни жоспарлы жұмыстарды ескермегенде, жылына ең көбі 1 тәулік 19 сағат және 50 минут іркілу;
 - 2) әр типтегі сұратымдарды өңдеу жылдамдығы – минутына ең кемі 8 сұратым;
 - 3) операциялық қол жеткізу жағдайында кемінде 4 млн. сертификатқа қызмет көрсету.

⁶ Сертификаттар саясаты бекітілген күні Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы қолданыста болды.

124. Куәландырушы орталықтың құрал-жабдықтарына физикалық және логикалық қол жеткізу процедуралық түрде бөлінген.
125. Аппараттық криптографиялық модульдерді (Hardware Security Module, HSM) және олардың түпкі материалын теңшеу және қызмет көрсету рәсімдеріне физикалық қол жеткізу үшін Куәландырушы орталықтың кемінде екі уәкілетті жұмыскерлерінің қатысуы талап етіледі.
126. Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесіне логикалық сұратымдарды өңдеу рәсімдері сұратым бастамашыларының өкілеттіктерін бақылай отырып, қолданбалы бағдарламалық жасақтама деңгейінде автоматтандырылған.

5.3-параграф. ПЕРСОНАЛДЫ БАҚЫЛАУ

127. Куәландырушы орталық және тіркеу орталығы жұмыскерлерінің лауазымдарына тағайындау кезінде біліктілік талаптары қолданылады.
128. Куәландырушы орталықтың мамандары мен басшылары өз біліктілігін белгілі бір тақырыптар⁷ жиынтығында оқудан немесе сертификаттаудан өту арқылы арттырады.
129. Куәландырушы орталық жұмыскерлерінің жиілігі мен реттілігіне, Куәландырушы орталықтағы лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын қоспағанда, шектеулер салынбайды.
130. Куәландырушы орталықтың функциялары мен жұмыстарын орындауға штаттын тыс қызметкерлерді тарту көзделмеген.
131. Куәландырушы орталықтың және тіркеу орталықтарының әрбір жұмыскеріне лауазымдық міндеттерін құзыретті орындау үшін заңнаманың құқықтық актілері мен Банктің ішкі құжаттарының мәтіндеріне қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

5.4-параграф. БАҚЫЛАУ ҮШІН ХАТТАМАЛАУ РӘСІМДЕРІ

132. Куәландырушы орталықтың сұратымдарын өңдеу оны берген бастамашыны тіркеуді қамтитын міндетті бақылау үшін хаттамалаумен бірге жүзеге асырылады.
133. Куәландырушы орталықта келесі оқиғадар типтері міндетті хаттамалауға жатады:
 - 1) Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерінің өмірлік циклы (кілттерді генерациялау және жою, резервтік көшірмелерді жасау, сақтау, қалпына келтіру және жою);
 - 2) сертификаттардың өмірлік циклы (сертификаттарды шығаруға сұрау алу және олардың мәртебесін өзгерту, сертификаттардың мәртебесін генерациялау және өзгерту, кері қайтарып алынған сертификаттар тізімін генерациялау және шығару);
 - 3) аппараттық криптографиялық модульдердің HSM өмірлік циклы (алу, қолданысқа енгізу, пайдалану-техникалық құжаттамамен анықталаған штаттық рәсімдер, сервистік қызмет көрсету, жөндеу, қолданыстан шығару, жою);
 - 4) сертификаттарды шығаруға және кері қайтарып алуға өтініштердің өмірлік циклы (өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың типі және деректемелері, сәйкестендіруді және аутентификацияны жүргізген лауазымды тұлғаның деректері, өңдеу күні және уақыты);
 - 5) Банктің ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес хаттамалауға жататын өзге оқиғалар (Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің компоненттерін әкімшілендіру сеанстары, ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары және т.б.);
134. Криптографиялық кілттер және оларды белсендіру деректері бақылау хаттамаларына жазуға жатпайды.

⁷ Сертификаттар саясаты бекітілген күні Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінің басшылары мен жұмыскерлерінің құзыреттеріне қойылатын талаптар, оған қоса Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 89 қаулысымен бекітілген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалардың біліктілігін арттыру бойынша талаптар қолланыста болды.

5.5-параграф. МҰРАҒАТТЫ ЖҮРГІЗУ

135. Куәландырушы орталық төмендегілердің мұрағатын жүргізеді:
- 1) Барлық шығарылған сертификаттардың, оған қоса кері қайтарып алынған сертификаттар мен қолдану мерзімі өтіп кеткен сертификаттардың;
 - 2) Сертификаттардың өмірлік циклы туралы ақпараттар, оған қоса оларды кері қайтарып алу туралы өтініштердің және кері қайтарып алынған сертификаттардың;
 - 3) ақпараттық жүйенің бақылау хаттамаларының (5.4-параграфқа сәйкес).
136. Куәландырушы орталықтың мұрағаты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары⁸ мен регламенттелген мерзімдерге сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.
137. Куәландырушы орталықтың қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда мұрағаттың деректері Қазақстан Республикасының заңнамасында⁹ белгіленген мерзімнің ішінде сақтауға жатады.
138. Мұрағатқа қол жеткізу мүмкіндігі тек қана Куәландырушы орталықтың жұмыскерлеріне беріледі.
139. Куәландырушы орталықтың мұрағатын сырттау резервтеу қарастырылмаған.

5.6-параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРІН АУЫСТЫРУ

140. Куәландырушы орталықтың жаңа криптографиялық кілттері не мерзімі өтіп кеткен сертификаттардың орнына, не жаңа сервистерді қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы сертификаттарға қосымша генерацияланады.
141. Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерін ауыстыру олардың қолданылу мерзімі аяқталғаннан бұрын жүзеге асырылады.
142. Сенім білдіруші тараптардың Куәландырушы орталықтың жаңа криптографиялық кілттерін пайдалануға біртіндеп көшуі Куәландырушы орталықтың жаңа кілттерінің сертификаттарын шығарудың және жазылушының жаңа кілттеріне Куәландырушы орталықтың жоспарлы түрде ауыстыруға жататын кілтімен қол қоюын тоқтатудың есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте Куәландырушы орталық кері қайтарып алынған кілттер тізімдеріне мерзімі аяқталып келе жатқан кілтпен қол қоюын соның көмегімен қол қойылған соңғы сертификаттың қолдану мерзімі аяқталып болған сәтке дейін жалғастыра береді.

5.7-параграф. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР НЕМЕСЕ ӘШКЕРЕЛЕУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ЖАСАУЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

143. Куәландырушы орталық сервистерінің қызмет жасауының үзілуіне алып келетін төтенше жағдайлар кезінде Қызмет жасауын қалпына келтіру жоспарын қолданысқа енгізу туралы шешім қабылданады.
144. Куәландырушы орталықтың қызмет жасауын қалпына келтіру жоспарында мыналар көзделген:
- 1) негізгі немесе резервтік дата-орталықтар негізінде қалпына келтіруге арналған алаңды таңдап алу;
 - 2) резервтік немесе мұрағаттың көшірмеден жұмыс жазбаларын қалпына келтіру.
145. Қызмет жасауын қалпына келтірудің басымдылығы Куәландырушы орталықтың сертификаттардың мәртебесі туралы мәліметтерді жариялау, сертификаттарды шығару және кері қайтарып алу бойынша негізгі сервистерін қайта жаңғырту болып табылады.

⁸ "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (16-бап) және басқа да құқықтық актілер.

⁹ "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (22-бап) және басқа да құқықтық актілер.

146. Куәландырушы орталықтың дата-орталықтарындағы құрал-жабдықтары бірнеше арналарды пайдаланып желіге резервтелген қосылу арқылы қамтамасыз етіледі.
147. Куәландырушы орталықтың деректер базаларындағы барлық өзгертулер үнемі дата-орталықтардың арасында репликацияланады.
148. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерін әшкереледі деген негізді күдіктер Қызмет жасауын қалпына келтіру жоспарын қолданысқа енгізуге алып келетін шекті деңгейдегі ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы ретінде өңделеді.
149. Куәландырушы орталықтың резервтік құрал-жабдықтарының, резервтік және мұрағаттық көшірмелерінің дайындығы Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің жұмысын негізгі және резервтік дата-орталықтардың арасында жылына кемінде бір рет Қызмет жасауын қалпына келтіру жоспарында келтірілген жұмыс нұсқаулықтарын пайдаланып, ауыстыру арқылы тексеріледі.

5.8-параграф. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТУ

150. Куәландырушы орталықтың жұмысын тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда Банктің контрагенттеріне (оған қоса Куәландырушы орталық жазылушыларына және сенім білдіруші тараптарға) хабарлау, Куәландырушы орталықтың жазбаларын табыстау және мұрағаттық сақтау «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (22-бап) сәйкес ұйымдастырылады.

6-тарау. ҚАУІПСІЗДІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

6.1-параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

151. Криптографиялық кілттерді генерациялау тек қана криптографиялық төзімділігі Қазақстан Республикасында қолданылатын Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына қойылатын жалпы техникалық талаптарды¹⁰ анықтайтын стандартқа (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес сертификатпен расталған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының көмегімен жүргізіледі.
152. Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерін генерациялауды тек қана осы мақсатқа бөлінген және алдын ала оқытылан бірнеше жұмыскер жүргізеді. Бұл ретте тек қана Стандартқа сәйкес екінші деңгейден төмен емес қауіпсіздік деңгейіне сай келетін аппараттық криптографиялық модульдер (HSM) қолданылады.
153. Жазылушылардың жабық криптографиялық кілттері кілттегі ақпаратты, оның таралу, өзгертілу немесе рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын кілттегі ақпараттың тікелей қорғалған тасымалдағышында генерацияланады.
154. Куәландырушы орталық тіркейтін кілттер арналған криптографиялық алгоритмдердің тізбесі Куәландырушы орталықтың Қызмет қағидаларының 6.1-параграфында келтірілген.

6.2-параграф. ЖАБЫҚ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ МОДУЛЬДЕРДІ ИНЖЕНЕРЛІК БАҚЫЛАУЛАР

155. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерін таратудан, бұрмалаудан, ауыстырудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғаудың егжей-тегжейлі шаралары Банктің ішкі құжаттарында анықталған және бекітілген, сондай-ақ Сертификаттар саясатында ашылмаған. Осы параграфта осы шараларға жалпы шолу келтірілген.
156. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерін генерациялау және сақтау үшін қауіпсіздіктің екінші деңгейінен төмен емес Стандартына сәйкестігі жағынан сертифицирталған аппараттық криптографиялық модульдер (HSM) қолданылады.

¹⁰ Сертификаттар саясаты бекітілген күні Қазақстан Республикасының ҚР СТ 1073-2007 «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» мемлекеттік стандарты қолданыста болды.

157. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттері құрылған соң депозиттеуге жатпайды. Сонымен бірге төтенше жағдайдан немесе жұмыстағы іркілістен кейін ақпараттық жүйенің қызмет жасауын қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Куәландырушы орталықтың әрбір жаңа жабық криптографиялық кілтін генерациялаған соң ағымдағы сәтте қолданылып жатқан жабық криптографиялық кілттердің резервтік көшірмесі сақталады.
158. Сақтау кезеңінде Куәландырушы орталықтың жабық кілттерінің резервтік көшірмесі таратудан, бұрмалаудан және ауыстырудан криптографиялық және ұйымдастыру шараларымен қорғалады.
159. Куәландырушы орталықтың жабық криптографиялық кілттерінің резервтік көшірмесін оларды аппараттық криптографиялық модульден(ге) (HSM) шығарып алу(салу) кезінде шифрлау әрқайсысы жеке жауапты тұлғаға (құпияның бір бөлігін сақтаушы) бекітілетін, қорғалған ақпарат тасымалдағышқа жазылатын және дербес құпиясөзбен жасырылатын бөліктерге бөлінген құпия түріндегі белсендіру деректерін құра отырып (пайдалана отырып) жүзеге асырылады.
160. HSM арасында белсендірілген Куәландырушы орталықтың криптографиялық кілттерімен операцияларды жүргізу үшін Куәландырушы орталықтың кемінде екі уәкілетті жұмыскерлерінің қатысуы қажет.
161. Жоғарыда аталған HSM, олардың құрауыштары және бөлшектері Банктен шығарылуға немесе басқа түрде қайта пайдалануға жатпайды.
162. Өз жабық криптографиялық кілттерін және олардың белсендіру деректерін олардың бүкіл өмірлік циклы барысында таратудан, бұрмалаудан, ауыстырудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғау шараларын Куәландырушы орталықтың жазылушылар заңнама және Сертификаттар саясаты талаптарына сәйкес өз бетінше қабылдайды

6.3-параграф. КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ КІЛТТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗГЕ АСПЕКТІЛЕРІ

163. Бұрын Куәландырушы орталық шығарған сертификатпен куәландырылған барлық ашық кілттер 5.5-параграфқа сәйкес осы сертификаттардың құрамында мұрағаттауға жатады.
164. Куәландырушы орталық сертификатының қолдану мерзімі 20 жылды құрайды және оны шығарған күннен және уақыттан бастап есептеледі.
165. Куәландырушы орталық қызмет көрсететін әртүрлі ақпараттық жүйелердегі жазылушылар сертификаттарының қолдану мерзімі 1, 2 және 3 жылды құрайды және Банктің мүдделі ақпараттық жүйесінің нормативтік-техникалық құжаттамасымен белгіленеді.
166. Куәландырушы орталық шығарған сертификаттардың болуын талап ететін ақпараттық жүйелерде үздіксіз жұмыс істеу үшін жазылушыларға Сертификаттар саясатына сәйкес қолдану мерзімі аяқталып бара жатқан сертификаттарды ауыстыруға жаңа сертификаттарды шығаруды сұрату құқығы берілген.

6.4-параграф. БЕЛСЕНДІРУ ДЕРЕКТЕРІ

167. Куәландырушы орталықтың жазылушыларының жабық криптографиялық кілттері тікелей кілттік ақпараттың олардың таратылуына, өзгертілуіне немесе рұқсатсыз қолданылуына жол бермейтін қорғалған тасымалдағышында қолданылады.
168. Жабық криптографиялық кілтті пайдалану үшін Куәландырушы орталықтың жазылушысы белсендіру деректерін құпиясөз түрінде құруға және қолдануға тиіс.

6.5-параграф. ЕСЕПТЕУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ

169. Есептеу ресурстары, бағдарламалық жасақтама және Куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесінің деректері рұқсатсыз кіруден Банктің Ақпараттық қауіпсіздік

- саясатына сәйкес қорғалады және Сертификаттар саясатында ашылмайды. Осы параграфта осы шараларға жалпы шолу келтірілген.
170. Сертификаттарға, кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдеріне, OSCP қызметінің жауаптарына (түбіртектеріне) қол қоюға арналған серверлер рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалған.
 171. Серверлердің операциялық жүйелері ұсынылған қорғау және жаңарту, соның ішінде вирусқа қарсы пакеттерін қолдану арқылы жоғарғы қорғау деңгейінде ұсталады.
 172. Серверлерде іске қосылған операциялық жүйелер қызметтерінің саны қажетті минимумға дейін жеткізілген.
 173. Негізгі серверлерге тек қана тағайындалған әкімшілерге ғана қол жеткізуге рұқсат етіледі, Куәландырушы орталықтың бағдарламалық қосымшаларының пайдаланушылары жүйелік немесе технологиялық есеп жазбаларын пайдалана алмайды.
 174. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушыларға қызмет көрсету үшін қолданылатын желі сегменттері логикалық түрде Банктің қалған желісінен бөлінген. Бұл бөлу пайдаланушылардың белгілі бір қолданбалы бағдарламалық үдерістер арқылы қол жеткізуді қоспағанда, Куәландырушы орталық деректеріне кез келген желі арқылы қол жеткізуін болдырмайды. Куәландырушы орталықтың деректер базасына тікелей қол жеткізуі ақпараттық жүйе әкімшілерінің минималды қажетті тобымен шектелген.
 175. Куәландырушы орталық желісінің сегменттерін сыртқы немесе ішкі араласудан қорғау, желілік белсенділіктің мазмұны мен көздерін шектеу үшін желіаралық экрандар қолданылады.
 176. Куәландырушы орталықтың қызметінде Стандарт талаптарына сәйкестігі сертификатталған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары қолданылады (АКҚК: HSM және бағдарламалық АКҚК).
 177. Өзге (криптографиялық емес) компоненттер мен бағдарламалық жасақтаманың ақпараттық қауіпсіздігін сертификаттау бойынша арнайы талаптар қойылмайды.

6.6-параграф. ДАМУДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУДЫ БАҚЫЛАУ

178. Куәландырушы орталықтың техникалық және бағдарламалық құралдарының жұмысқа қабілеттілігі мен тұтастығы осы құралдарды пайдалану үшін құқықтар мен жауапкершілікті, оларға және қолжетімділікті қамтамасыз ететін АТ-сәулеттік техникалық құралдарға құқықтарды бөлуге негізделген ұйымдастыру және техникалық шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі.
179. Ақпараттық жүйедегі кез келген өзгертулерді сынау мақсатында Куәландырушы орталық есептеу техникасының, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының және бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға лицензиялардың қажетті минимумымен қамтамасыз етілген оның тестілік контурын сақтап тұрады.

6.7-параграф. ЖЕЛІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ

180. Куәландырушы орталықтың функциялары рұқсатсыз қол жеткізуден және араласудан қорғалған (регламенттелген тәртіппен) Банктің корпоративтік желісінде орындалады.

6.8-параграф. УАҚЫТ БЕЛГІЛЕРІ

181. Сертификаттар, кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдері, түбіртек жауаптар (қызмет жауаптары), Куәландырушы орталықтың сертификаттарды шығару және мәртебесін өзгерту туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйесінің бақылау хаттамаларында оқиғалардың күні мен уақыты туралы ақпарат келтірілген.

7-тарау. СЕРТИФИКАТТАРДЫҢ, КСТ және OSCP БЕЙІНДЕРІ

7.1-параграф. СЕРТИФИКАТТЫҢ БЕЙІНДЕРІ

182. Куәландырушы орталық сертификаттарды ITU-T X.509 стандартына сәйкес шығарады.
183. Сертификаттарда көрсетілген негізгі жолдар, оған қоса олардың мазмұнына қойылатын талаптар Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларының 7.1-параграфына сәйкес анықталады.

7.2-параграф. КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛЫНҒАН СЕРТИФИКАТТАР ТІЗІМІНІҢ БЕЙІНДЕРІ

184. Куәландырушы орталық шығаратын кері қайтарып алынған сертификаттар тізімдерін ITU-T X.509 стандартына сәйкес шығарады.
185. Кері қайтарып алынған сертификаттар тізімінде көрсетілген негізгі жолдар мен кеңеймелер олардың мазмұнына қойылатын талаптармен бірге Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларының 7.2-параграфына сәйкес анықталады.

7.3-параграф. OSCP СЕРВИСІНІҢ БЕЙІНІ

186. Куәландырушы орталық шығарған сертификаттардың мәртебесі туралы ақпарат алуға арналған OSCP сервисі RFC 2560 “X.509 Internet Public Key Infrastructure. Online Certificate Status Protocol - OSCP”, (X.509 ашық кілттері интернет инфрақұрылымының сертификаттар мәртебесінің онлайн хаттамасы) ұсынымдарына сәйкес ұсынылады.

8-тарау. ҚЫЗМЕТТІ ТЕКСЕРУ

187. Куәландырушы орталықтың қызметін аккредиттеу барысында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тұрақты түрде тексеріп тұрады.

9-тарау. ӨЗГЕ МӘСЕЛЕЛЕР

9.1-параграф. ТАРИФТЕР

188. Куәландырушы орталықтың қызмет көрсетуіне жұмсалатын шығындар тарифтелмейді және төленбейді.

9.2-параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІК

189. Куәландырушы орталық қызмет көрсететін ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен¹¹ белгіленген.

9.3-параграф. АҚПАРАТТЫҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ

190. Куәландырушы орталық шығаратын сертификаттар және Куәландырушы орталықтың қоймасындағы көпшілікке қолжетімді ақпарат құпиялы ақпарат болып табылмайды және қарастырылмайды.

9.4-параграф. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ

191. Кез келген жазылушы немесе сенім білдіруші тарап Куәландырушы орталыққа сертификат шығаруға өтініш бере отырып, онда көрсетілген өзі туралы ақпаратты көпшілікке қолжетімді болатындай орналастыруға келісімін беретінін мойындайды. Сертификатты шығаруға өтініш Қазақстан Республикасының дербес деректер және олардың қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасына¹² сәйкес оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге субъектінің келісімін білдіретін жазбаша құжат болып табылады.

¹¹ Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі, 640-бап.

¹²Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 8-бап.

9.5-параграф. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫ

192. Куәландырушы орталық өз қызметінде авторлық және айрықша мүліктік құқықтары Банкке тиесілі емес бағдарламалық жасақтаманы пайдаланады. Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану тәртібі Банк сатып алған лицензиялардың шарттарымен анықталады.
193. Жазылушылар сертификаттарда көрсетілген атаулар мен сауда маркаларына өздерінің барлық құқықтарын сақтап қалады.

9.6-параграф. КЕШІЛДІКТЕР ЖӘНЕ РАСТАМАЛАР

194. Куәландырушы орталықтың әрбір жазылушысы мыналарды қамтамасыз етеді:
- 1) Куәландырушы шығарған, жазылушы қабылдап алған және пайдалану кезінде жарамды болып табылатын (мерзімі өтіп кетпеген және кері қайтарып алынбаған) оған сәйкес сертификаты бар өз жабық криптографиялық кілтін пайдалануды;
 - 2) өз жабық криптографиялық кілттерін кез келген басқа тұлғалардың пайдалануына қорғауды;
 - 3) сертификаттарды шығару үшін тіркеу орталығына берілетін өзі туралы мәліметтерді дұрыстығын;
 - 4) сертификатты қабылдау алдында сертификатта көрсетілген өзі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;
 - 5) өз жабық кілтін қандай да бір сертификаттарға, кері қайтарып алынған сертификаттарға, ашық кілттің басқа кез келген форматтағы куәліктеріне немесе оның мәртебесі туралы ақпаратқа қол қою мақсатында пайдаланбауды.
195. Әрбір жазылушы және әрбір сенім білдіруші тарап Куәландырушы орталық шығарған сертификаттарды пайдалану кезінде жазылушы және оның сертификаты туралы объективті ақпараттың жеткілікті көлеміне сүйенетін тек қана негізді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етеді.

9.7-параграф. КЕШІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТУ

196. Куәландырушы орталық жазылушылар мен сенім білдіруші тараптардың алдында банктік қызметтерді көрсету шарттарынан туындайтын қосымша жауапкершілікті, оған қоса, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері жөніндегі заңнамасымен белгіленген және Сертификаттар саясатымен декларацияланған жауапкершілікті қоспағанда, тауарлық жарамдылық пен сәйкестік үшін жауапкершілікті және көтермейді.

9.8-параграф. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

197. Куәландырушы орталықтың, тіркеу орталықтарының, жазылушылардың және сенім білдіруші тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен¹³ шектелген.

9.9-параграф. ӨТЕМАҚЫЛАР

198. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде жазылушылардың есебіне төмендегілерді өтеумен байланысты шығындар жатқызылады:
- 1) Сертификатты шығаруға немесе кері қайтарып алуға өтініштерге қате, жаңылыстыратын немесе көрінеу жалған ақпаратты беру;
 - 2) Сертификатты шығаруға немесе кері қайтарып алуға өтініште көрсетілуге тиіс елеулі фактілерді абайсыз немесе қасақана жасыру;
 - 3) өз жабық криптографиялық кілттің әшкереленуіне, таратылуына, өзгертілуіне немесе рұқсатсыз пайдаланылуына алып келген оны қорғау шараларын қабылдамау;

¹³ Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексі, 640-бап.

- 4) өзінің бөліп көрсетілген атауының құрамында үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын атауларды пайдалану.
199. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде сенім білдіруші тараптардың есебіне өтемақымен байланысты шығындар жатады:
- 1) Сенім білдіруші тараптың міндеттемелерін бұзудың себебінен жол берілген сертификатқа негізгі сену;
 - 2) Сертификаттың қолдану мерзімдерін мен мәртебесін (кері қайтарып алынған/алынбаған) анықтау мақсатымен оны тексеру бойынша шараарды қабылдамау.

9.10-параграф. КҮШІНЕ ЕНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

200. Сертификаттар саясаты және оған барлық өзгертулер мен толықтырулар Банктің Интернет желісіндегі ресми ресурсында жарияланған күннен бастап күшіне енеді.
201. Өзгертулері мен толықтыруларын ескергенде, Сертификаттар саясаты өз күшін Сертификаттар саясатының жаңа редакциясы Банктің Интернет желісіндегі ресми ресурсында жарияланған сәтіне дейін сақтайды.

9.11-параграф. ЖЕКЕ ХАБАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ БАЙЛАНЫС

202. Ашық кілттер инфрақұрылымының қатысушылары: Куәландырушы орталық, тіркеу орталықтары, жазылушылар және сенім білдіруші тараптар, - бір бірімен байланысу үшін, егер тараптардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, өзара әрекеттесу мәніне, қатынасудың маңыздылық және шұғылдылық дәрежесіне сай келетін кез келген орынды арналарды пайдаланады.

9.12-параграф. ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

203. Сертификаттар саясатына елеусіз өзгертулер (мекенжайлар мен сілтемелердің, байланыс ақпаратының өзгеруі, қате басылған жерлерді түзеу және т.б.) ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушыларға алдын ала хабарлаусыз енгізіледі. Өзгертулер мен толықтырулардың маңыздылық деңгейі туралы шешімдерді (елеулі немесе елеусіз) Куәландырушы орталық өз бетінше қабылдайды.
204. Сертификаттар саясатына елеулі өзгертулер мен толықтыруларды Куәландырушы орталық жоба түрінде алдын ала Банктің Интернет желісіндегі ресми ақпараттық ресурсында, егер Қазақстан Республикасының заңнамасындағы жарияланған өзгертулерде өзгеше көзделмесе, күшіне енгенге дейінгі 21 күнтізбелік күн бұрын жариялайды.
205. Сертификаттар саясатына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Куәландырушы орталық өзгертулер мен толықтыруларды Сертификаттар саясатының объектілік сәйкестендіргіштер тізбесіне енгізу қажеттігін анықтау және оны Сертификаттар саясатының жаңа редакциясына сай келтіру үшін жауапты болады.
206. Егер Сертификаттар саясатындағы өзгертулер мен толықтыруларға байланысты Сертификаттар саясатының объектілік сәйкестендіргіштер тізбесін өзгерту қажет болса, онда оған, сондай-ақ Куәландырушы орталықтың қызмет қағидаларына тиісті өзгертулер бір уақытта жарияланады және енгізіледі.

9.13-параграф. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

207. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылардың; жазылушылар мен сенім білдіруші тараптардың, сондай-ақ, бір жағынан, жазылушы немесе сенім білдіруші және, екінші жағынан, Куәландырушы орталықтың немесе тіркеу орталығының арасындағы даулар – тараптардың арасында қолданылатын шарттардың ережелеріне сәйкес шешіледі.
208. Егер дау сотқа дейінгі тәртіппен шешілмесе, онда ол сот тәртібімен шешілуге жатады.

9.14-параграф. ЮРИСДИКЦИЯ

209. Мәні Сертификаттар саясатының мағынасы бойынша келіспеушіліктер болып табылатын дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

9.15-параграф. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМАҒА СӘЙКЕСТІК

210. Ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушыларға: Куәландырушы орталыққа, тіркеу орталықтарына, жазылушыларға және сенім білдіруші тараптарға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының төмендегілер жөніндегі талаптарын қолдануға болады:
- 1) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба;
 - 2) рұқсаттар және хабарламалар (ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын іске асыру бөлігіндегі);
 - 3) төлемдер және төлем жүйелері;
 - 4) дербес деректер және оларды қорғау.

9.16-параграф. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

211. Сертификаттар саясаты ережелерінің бір бөлігін сот немесе уәкілетті мемлекеттік орган қолдануға болмайтын ережелер деп таныған жағдайда қалған юбөлігі өз күшін сақтап қалады.
212. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған жағдайда (форс-мажор) ашық кілттер инфрақұрылымына қатысушылар: Куәландырушы орталық, тіркеу орталықтары, жазылушылар және сенім білдіруші тараптар олардың арасында қолданылатын шарттардың тиісті ережелерін басшылыққа алады.